

Арнайы инвестициялық келісімшарттарды жасасу жөніндегі уәкілетті органды айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 180 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арнайы инвестициялық келісімшарттарды жасасу жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 862 қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 530-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

61-12), 61-13) және 61-14) тармақшалар алып тасталсын;

ведомстволардың функцияларында:

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"49) арнайы инвестициялық келісімшарттарды қоспағанда, инвестициялық келісімшарттар жасасу, тіркеу және оларды мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;"

50) тармақша алып тасталсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 862 қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин